

Телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату салаларындағы кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 75 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1998 жылғы 24 наурыздағы 21-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасында телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандағы № 32 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 1751 болып тіркелген);

2) «Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандағы № 32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 286 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 3938 болып тіркелген және «Заң газетінде» 2005 жылғы 2 желтоқсанда № 160 - 161 (785) жарияланған);

3) «Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандағы № 32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 69 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 5691 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2009 жылғы, № 7 жарияланған);

4) «Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушының 2002 жылғы 12 ақпандағы № 32 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі 251 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік

тізілімінде № 6595 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» 2010 жылғы 6 қарашадағы № 459-460 (26303) газетінде жарияланған).

2. Ақпарат және мұрағат комитеті осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрілігіне жіберсін және ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Д. Мыңбай

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
М и н и с т р і
А. Жұмағалиев

2012 жылғы 31 мамыр